

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 ақпандағы № 107 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес республикалық мүлік заңнамада белгіленген тәртіппен «Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының теңгерімінен «Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасымен бірлесіп (келісім бойынша) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. А х м е т о в

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

8

а қ п а н д а ғ ы

№

1 0 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

«Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілетін, Астана қаласы, Республика даңғылы, 62 мекенжайында орналасқан республикалық мүлік тізбесі

Р/с №	Мүліктің атауы	Жалпы ауданы
1.	Жүк автомашиналары гаражы	1486,8 м ²
2.	Жапсарлас құрылысы бар гараж	1632,2 м ²
3.	Автомашиналарға арналған гараж, диспетчерлер бөлмесі, жапсарлас салқын құрылыс	669,5 м ²
4.	Өтетін жер	19,5 м ²
5.	Автомай құю станциясы	7,7 м ²
6.	Қоршау	483,7 м ²

7.	Гараж	244,0 м ²
----	-------	----------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК